

**Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-8 " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 63-15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 маусымда № 6399 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-8 шешіміне (2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5894 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 67 299 мың теңге:

салықтық түсімдер – 8 620 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер– 0;

трансферттер түсімі – 58 679 мың теңге;

2) шығындар – 120 522,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 53 223,4 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 53 223,4 мың теңге:

қарыздар түсімі – 50 466 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 757,4 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
сессиясының төрағасы

Н.Синдякина

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
хатшысы

Е.Адилбеков

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихаты  
2020 жылғы 25 маусымы  
№ 63-15 шешіміне  
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 56-8 шешіміне  
1-қосымша

## 2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і Сыныбы	Атауы	Сома (мың теңге)
			1. Кірістер	67 299
1			Салықтық түсімдер	8 620
	01		Табыс салығы	3 500
		2	Жеке табыс салығы	3 500
	04		Меншікке салынатын салықтар	5 120
		1	Мүлікке салынатын салықтар	120
		3	Жер салығы	470
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 530
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	58 679

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	58 679
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	58 679
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума (мың теңге)
			2. Шығындар	120 522,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26 737
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26 737
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26 517
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	220
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 3 319,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 3 319,4
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	8 419,4
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	750
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	14 150
12			Көлік және коммуникация	70 466
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	70 466
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20 000
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	50 466
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты	Сыныбы	Кіші Сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 53 223,4

			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	5 3 223,4
7			Қарыздар түсімдері	50 466
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	50 466
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	50 466
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 757,4
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	2 757,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 757,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК